МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АҚТАУ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№33 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА №33»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ПО ГОРОДУ АКТАУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы
130000, Ақтау қаласы, 33 шағын аудан
33mektep.aktau@gmail.com
БИН: 250140013828
Ақтау қаласы

Республика Казахстан, Мангистауская область
130000, город Актау, 33 микрорайон
33mektep.aktau@gmail.com
БИН: 250140013828
Город Актау

20.08.25 №01-26-173

“Шакенова К.Б” жеке кәсіпкерге

Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің “№33 жалпы білім беретін мектеп” коммуналдық мемлекеттік мекемесінен

Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің “№33 жалпы білім беретін мектеп” коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Сіздің оқушыларды тамақпен қамтамасыз ету қызметтеріне мемлекеттік сатып алу конкурсы аясында «Е-өтініш» электронды порталы арқылы ағымдағы жылдың 15 сәуіріндегі №ЖТ-2025-01222924 "ЗЭМА" жеткізушісінің қатысуы және Сіздің ұйымыңыздың тәжірибесін бағалау мәселелері бойынша келіп түскен шағымыңызға 21.04.2025ж №01-26-103 шығыс хатымен жауап берілген болатын. Жауапқа сәйкес ағымдағы жылдың 13 тамызында шыққан конкурстың қорытынды хаттамасында, сіздің шағымыңыз толық ескеріліп:

ЖШС «ЗЭМА» бойынша аспазшыларының жасалған еңбек шарттарының мерзімі аяқталуына байланысты конкурсқа жіберілмеді.

Сіздің ұйымыңыздың ұсынған құжаттарды тексеру барысында соңғы 7 жылда мемлекеттік білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыру қызметі саласындағы жұмыс тәжірибеңіз 5 баллға сәйкес келетіні анықталды. «Жұмыс тәжірибесі» критерийі бойынша баллды 4-тен 5-ке өзгертілді. Осылайша 21.04.2025ж №01-26-103 шығыс хатына сәйкес қорытынды хаттамаға өзгерістер енгізілді.

13.08.2025ж қорытындылар туралы хаттаманы қайта қарау аяқталып, қорытындылар туралы хаттама №14235725-ОК1 шықты.

14.08.2025ж мемлекеттік сатып алу веб порталында №20 шығыс хатымен келіп түскен шағымыңыз қаралды. Шағымда «Сирхав-К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің конкурсқа ұсынған аспазшылары Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің "№27 Өмірзақ жалпы білім беретін мектеп" КММ-сінің балалардың тамақтануын қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі конкурстық құжаттарында осы аспазшылардың тіркелгендігін және 03.05.2025ж келісім шарт негізінде жұмыс атқарып жатқандығы туралы баяндалды. Шағымды негізге ала отырып, Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің "№27 Өмірзақ жалпы білім беретін мектеп" КММ-сі мен «Сирхав-К»» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне аспазшылар туралы ақпарат алу мақсатында хат жолданды. Алайда, жауап хатында қанағаттанарлық ақпарат көрсетілмеді. Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу веб порталында «Сирхав-К» ЖШС-нің Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің "№27 Өмірзақ жалпы білім беретін мектеп" КММ-ің конкурсқа тіркеген құжаттарын қарауға мүмкіндік жоқ. Сондықтан сіздің шағымыңызды қанағаттандырусыз қалдырамыз. Сонымен қатар ескере кететін жайт, Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің "№33 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі 1-4 сынып оқушыларын және аз қамтылған отбасы балаларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету конкурсын 11.03.2025ж жариялағандығын, ал Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің "№27 Өмірзақ жалпы білім беретін мектеп" КММ-сі 17.03.2025ж жариялағандығын қаперіңізге береміз. Яғни аспазшылар туралы құжаттар бірінші кезекте біздің 14235725-1 конкурсқа тіркелгендігін көрсетеді.

Жалғанды: 6 бет

Мектеп директоры **Б.Н.Майрамов**